

**"АӨК мемлекеттік қолдау"
бағытының
"Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау"
тақырыбы бойынша өткізілген кеңестің
Есебі
"Токенова" ШҚ**

Өткізілген күні:

«29» Қараша 2023 жыл

Кеңестің өткізілген орны:

Алматы қ., Сатпаев көшесі 30 б, Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты

Эксперт: *М.А.Ж.* Жұмашева Сауле Тоқанқызы

«Қазақ агроөнеркәсіп кешені
экономикасы және ауылдық аумақтарды
дамыту ғылыми-зерттеу институты»



Б.Е.Р. Рүстембаев Б.Е.

Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсетудің бағыттары мен әдістері

2) қойылған проблеманы шешу бойынша сарапшының ұсыныстары немесе қызметті жақсарту бойынша кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңбері;

Енгізілген жаңа ережелерді: фермерлерді форвардты қаржыландыру және субсидиялаудың жаңа жүйесіндегі шараларды, 2023 жылдың 1 мамырынан бастап күшіне енгізілген өсімдік шаруашылығын субсидияларудың қағидаларын қолдануға ұсыныстар берілді.

3) өнім өндірісін ұлғайту/өнімділікті арттыру/өзіндік құнын төмендету сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін әсер және т. б.;

"Төкенова" ШҚ шаруа қожалығы өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге маманданған, сүтті бағыттағы ІҚМ бар, сонымен қатар шаруашылықта жылыжай және питомник бар. Питомникте гүл, Қылқан жапырақты өсімдіктердің, декоративті өсімдіктердің, жидек өсімдіктерінің көшеттері өсіріледі. Осы көшеттер пайдаланып, Алматы облысының Қонаев қаласын көгалдандыру жұмыстарымен айналысады. Жылыжайда қызанақ, қияр, бұрыш өсіріледі. Шаруашылық жылыжайды кеңейтуді жоспарлап отыр. Осыған байланысты ғылыми-зерттеу институтының эксперт-кеңесшісі жабық топырақта көкөніс өсірудің табыстылығын арттыру мақсатында басым дақылдар шегінде өсімдік шаруашылығын субсидиялау қағидаларына енгізілген өзгерістер енгізілгені туралы кеңестер берді. Түзетулер маусымаралық кезеңде субсидиялау мөлшемелері бойынша 1 гектарға шығындарды (электр энергеиясы, газ, көмір үшін) субсидиялауды көздейтіні туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар инвестициялық субсидиялау аясында жылыжай кешендерін салу және кеңейту жобаларын іске асыру кезінде үлесті 25 пайыздан 30 пайызға дейін арттыру бөлігінде тиісті өзгерістер енгізілгені туралы да кеңестер берілді.

Мемлекеттік қолдаудың тиімділігі: азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейіне, аграрлық өндірістің экономикалық нәтижелеріне, оның даму қарқынына, ауыл шаруашылық өнімдерін өсірудің табыстылығын арттыруға, ауылдық аумақтардың даму деңгейіне әсері көрсетілді.

4) Сарапшының қатысуымен фотосуреттер:



5) Материалдарын тарату (қажет болған жағдайда).

"Қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау: бағыттары мен әдістері", "Фермерлерді форвардты қаржыландыру және субсидиялаудың жаңа жүйесі", "Қазақстандағы аграрлық сақтандыруды мемлекеттік қолдау", "Ауыл шаруашылығындағы салық салу", "Агроөнеркәсіп кешеніндегі несиелеу: жай күйі, проблемалары, шешу жолдары" презентациялары таратылды